

«6D050600-Экономика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Калыбекова Динара Байгалиевнаның «ЕАЭО жағдайында Қазақстан экономикасын цифрлық трансформациялаудың экономикалық тиімділігі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына рецензенттің

## СЫН-ПІКІРІ

**1. Диссертация тақырыбының бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы.**

1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі. Диссертацияның тақырыбы Қазақстан Республикасы Үкіметінің жаңындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың басым бағыттарына сәйкес келеді.

Қорғауға ұсынылып отырған диссертациялық жұмыстың тақырыбы бүгінгі күнгі Қазақстан экономикасындағы аса маңызды өзекті тақырыптар қатарынан және Қазақстан Республикасының мемлекеттік маңызы бар бағдарламалары мен Ұлттық жобаларына сәйкес келеді, атап айтқанда:

1) «Цифрландыру, ғылым және инновациялар есебінен технологиялық серпіліс» ұлттық жобасы;

2) «Цифрлық Қазақстан» Мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 827 қаулысы;

3) «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласын және цифрлық саланы дамыту тұжырымдамасын бекіту» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 30 желтоқсандағы № 961 қаулысы;

4) «Қазақстан Республикасын индустримальық-инновациялық дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған» мемлекеттік бағдарламасы;

5) Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 16 наурыздағы Қазақстан халқына «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты жолдауы.

## **2. Ғылымға маңыздылығы.**

*Жұмыс ғылымга елеулі үлес қосады және маңыздылығы ашилған.*

Зерттеу жұмысы барысында автор әлемдік экономикада жаңа технологияларды енгізу мен игеру мәселелері бойынша, атап айтқанда цифрлық экономиканың пайда болу алғышарттары және қажеттілігі жайында бірқатар еңбектерді жан-жақты саралаған. Сонымен қатар, әлемдік деңгейде орын алған пандемиялық жағдайға байланысты ақпараттық - коммуникациялық технологиялар арқылы ел экономикасының әлеуметтік - экономикалық жағдайын реттеу мүмкіндігін тузызатын ерекше бағыт ретінде маңыздылығын атап көрсетілген. Шет елдік және отандық

авторлардың цифрлық экономика жайында тұжырымдамаларын терең зерттеу барысында ұсынған өз авторлық түсіндірмесі, жүргізілген теориялық зерттеу жұмыстарының нәтижелері отандық ақпараттық базаны дамытуда айтарлықтай үлес қоса алады және ғылыми маңыздылығын арттырады.

### **3. Өзі жазу принципі.**

*Өзі жазу деңгейі: жоғары.*

Диссертациялық жұмысты орындау барысында Калыбекова Д.Б. өзі жазу кағидасын (принципін) толыктай ұстанған. Ол диссертациялық жұмысты орындау барысында алға қойылған мақсаттарға жету және міндеттерді шешу үшін салыстырмалы талдау, синтездеу, факторлық талдау, сонымен қатар экономика - статистикалық талдау мен болжау, вербалды-коммуникативтік әдістер сияқты ғылыми әдістер пайдаланған. Қазақстан Республикасының ұлттық статистика Бюросының ақпараттары, ғылыми басылымдардың материалдары, мерзімді басылымдар және ғаламдық желінің ресми сайттарында ұсынылған материалдар зерттеу жүргізуге негіз болған. Сонымен қатар Алматы облысы, Қарасай аудандық мемлекеттік кірістер басқармасының электронды құжаттау жүйесін енгізу мен қолдану жағдайына талдау жүргізу мақсатында алғанған сауалнама түріндегі арнайы әдісте қолданған.

### **4. Ішкі бірлік принципі.**

*4.1 Диссертацияның өзектілігін негіздеу: негізделген.*

Калыбекова Д.Б. диссертация тақырыбының өзектілігі толығымен ашылған және негізделген. Цифрлық экономика жалпы экономикалық өсімнен әлдеқайда қарқынды деңгейде өсуі қажет және де Қазақстан 2025 жылға қарай цифрлық бәсекеге қабілеттіліктің халықаралық рейтингінде 30-шы орынға ие болу міндетін белгіледі. Цифрлық трансформация қарқының арттыру арқылы мемлекет ел халқының өмір сүру деңгейін арттыруға қол жеткізуді көздел отрып. Оған қоса жаһандық деңгейде орын алған COVID-19 пандемиясының әсері мемлекет алдына қысқа мерзімде ашықтық, жинақтау, пайдалану және деректер қауіпсіздігі саласындағы қызметті жетілдіру міндетін қойды. Осы себептен зерттеу жұмысының өзектілігі айқындала түспек. Сондықтан да Калыбекова Динара Байгалиевнаның диссертация тақырыбының өзектілігі жоғары екендігіне негіз бар.

*4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындауды: айқындауды.*

Автор ұсынып отырған диссертация мазмұны зерттеу жұмысының тақырыбын толығымен айқындауды. Диссертациялық жұмыс үш бөлім, он параграф және қосымшалардан тұрады. Зерттеу жұмысының мазмұны зерттеу алдына койған мақсаты мен міндеттеріне сай келеді.

*4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: сәйкес келеді.*

4.4. Диссертация мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына толық сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері нәтижелерінде ашылған.

4.5. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық байланысқан: толық байланысқан.

Автор диссертациялық жұмысты орындау барысында логикалық үйлесімділікті ұстануға тырысқан. Әрбір бөлім сәйкесінше қарастырылған параграфтың қойылған мақсат, міндеттерін жұмыс мазмұны аясында ашуға тырысқан. Зерттеу жұмысының жаңалығы мен қорғауға шығарылған тұжырымдар арасында өзіндік тұтастық байқалады.

4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: сынни талдау бар;

Автор ұсынған жаңа шешімдер, авторлық анықтама, зерттеу барысында алынған нәтижелер мен жасалған қорыттындылар және ұсыныстары бұрынғы белгілі шешімдермен салыстырыла бағаланып өз бетінше сынни талдау жасалған. Авторлық анықтама беруде цифрлық экономиканың эволюциялық даму хронологиясын көптеген авторлардың және әлемдік дәрежедегі халықаралық ұйымдардың қалыптастырган тұжырымдары мен анықтамаларына сүйене отырып өз анықтамасының бұрынғылардан өзіндік ерекшелігін сипаттай алған. Осы саланы зерттеудегі бұрыннан белгілі шешімдермен салыстыра отырып цифрлық экономиканың ел экономикасындағы экономикалық тиімділігімен қоса әлеуметтік тиімділік тұстарын ажыратқан. Анықталған мәселелермен кедергілер негізінде бірқатар маңызды ұсыныстар жасаған.

## 5. Ғылыми жаңашылдық принципі.

5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?

- Ия, жаңа болып табылады;

Автордың диссертациялық жұмысының ғылыми нәтижелер мен қағидаларын жаңа деп айтуда негіз болатын келесідей тұстары:

- Бірінші ғылыми нәтижесі: «Цифрлық экономика», «Цифрлық трансформация» түсініктеріне берген авторлық анықтамасы – толығымен жаңа, авторлық сынни талдау көкарасы арқылы, басқа анықтамалармен салыстыру негізінде жасаған;

- Екінші ғылыми нәтижесі: халықаралық ұйымдар қолданатын мемлекеттің цифрандыру дәрежесін анықтаушы индекстер арқылы қазақстандық цифрандыру трансформациясының деңгейін және әлеуетін анықтау мүмкін болды;

- Үшінші ғылыми нәтижесі: цифрандыру мен ақпараттандырудың Қазақстандық экономикалық үлгісі халықтың әлеуметтік-экономикалық даму факторының бірі бола алады деген болжамға жауап ретінде ЖІӨ-нің халықтың жан басына шаққандағы әлеуметтік-экономикалық әлеуеті талданып 2026 жылға дейінгі даму болжамы жасалған;

- Төртінші ғылыми нәтижесі: цифрлық бағытта алдыңғы қатарлы озық

мемлекеттер тәжірибесі негізінде жасалған талдауларға сүйеніп Қазақстан экономикасына қолайлы ұлттық ұлгіні құрудың еліктеу гибрид құрылымы ұсынылған;

- Бесінші ғылыми нәтижесі: Зерттеу нәтижелерін макро, микро деңгейлерде цифрлық экономиканы дамыту бағдарламалары мен стратегияларын, тұрақты әлеуметтік-экономикалық даму тұжырымдамасын жасау үшін қолдануға болатындығы ұсынылды. Қазақстан экономикасын цифрлық трансформациялаудың экономикалық тиімділігін арттыру бойынша бірқатар ұсыныстар мен бағыттар қарастырылған.

### *5.2 Диссертацияның қортындылары жаңа болып табыла ма? Ия, жаңа болып табылады.*

Автор зерттеу жұмысында берген қортындысы өз алдына жаңа деуге болады, себебі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар бағдарламалары мен арнайы қосымшалар арқылы зерттеу тақырыбының өзіндік ұлгісін тұрғызып, цифрлық экономика қарқынына әсер етуші кедергілер мен негізгі мәселелер анықталған.

### *5.3 Техникалық,, техноолгиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?*

- *Ия, жаңа және негізделген болып табылады.*

Автордың диссертациялық жұмысында берген техникалық, экономикалық және басқарушылық шешімдері (аныктамасы, адістеместемелер қолдануы, алынган нәтижелері) жаңа және негізделген. Автор ақпараттық-коммуникациялық технологиялар қызметінің маңызды бір бағыты ретінде электронды құжаттау жүйесінің қолданыс тиімділігін анықтау мақсатында жүргізген зерттеулері нәтижесінде жұмыстың қорытындысында берген ұсыныстарын стратегиялық маңызы бар бағдарламаларға қосу мақсатында қабылдаған, Алматы облысы Қарасай аудандық мемлекеттік кірістер басқармасынан енгізу Актісі алынған.

## **6. Негізгі қорытындылардың негізділігі**

*Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қараганда ажырмды дәлелдемелерде негізделген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша):*

Ізденушінің диссертациялық жұмысында тұжырымдалған қорытындылар ғылыми тұрғыда негізделген деп санаймын. Докторант Скопус базасына жариялаған нөлдік емес импакт факторлы ғылыми журналда, сонымен қатар халықаралық, ғылыми – тәжірибелік конференцияларда, Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің Білім және Ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған жарияланымдардағы зерттеу жұмысына қатысты еңбектерді саралау арқылы өз тұжырымдары мен зерттеуін жүргізгенін байқауға болады.

## **7. Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар**

*Әр қағидат бойынша келесі сұраптарға жауап беру қажет:*

**1 - Қорғауға шығарылған тұжырымдама:** ««Цифрлық экономика түсінігінің авторлық анықтамасы, ол белгілі түсіндірмелерден қоғам қажеттілігі, уақыт, қолайлылық және нәтиже сияқты ұғымдарды экономикалық категориялармен ұштастыра қамтылуымен ерекшеленеді;

### *7.1 Қағидат дәлелденді ме?*

- Ия, дәлелденген. Авторлық анықтаманы біраз шетелдік және отандық тұжырымдар мен концепциялық көзқарастарды зерттей отырып, әдебиеттердегі берілген авторлық анықтамаларды салыстыру нәтижесінде цифрлық экономика ұғымының пайда болуы, әрі даму эволюциясын қарастыру арқылы авторлық анықтаманы негіздеген;

### *7.2 Тривиалды ма?*

- Жоқ, тривиалды емес. Берілген анықтама көптеген зерттеулер негізінде талданған, ол қоғам қажеттілігі, уақыт, қолайлылық және нәтиже сияқты ұғымдарды экономикалық категориялармен ұштастыра қамтылуымен ерекшеленеді.

### *7.3 Қолдану деңгейі: кең.*

- Ия, жаңа. Өз бетінше жаңалығы басқа шетелдік және отандық концепцияларда әрі авторлық анықтамаларда берілген анықтамалардан өзіндік ерекшелігінде;

**7.3 Қолдану деңгейі: кең.** Авторлық анықтаманы экономиканың кез-келген кеңістік аумағында әрі экономиканың барлық салаларында пайдаланудағы қолайлылық ерекшелігімен атап көрсетуге болады;

### *7.4 Макалада дәлелденген бе?*

- Ия, дәлелденген.

**2 - Қорғауға шығарылған тұжырымдама:** Әлемдік деңгейдегі цифрандыру дәрежесін анықтаушы индекстерді пайдалану арқылы Қазақстан экономикасын цифрлық трансформациялаудың экономикалық тиімділігін анықтаудың әдістемесі;

### *7.1 Қағидат дәлелденді ма?*

- Ия, дәлелденді. ЕАӘО мемлекеттерінің цифрлық экономика даму индекстері бойынша салыстырмалы көрсеткіштеріне талдау жасалып, Одақ аясындағы рейтингтері анықталды, Қазақстан экономикасындағы цифрлық трансформацияның экономикалық тиімділік деңгейін анықтаудың әдістемесі ұсынылды;

### *7.2 Тривиалды ма?*

- Жоқ тривиалды емес. Тұжырымдамаға сай ұсынылған әдістеме Одақ аясындағы мемлекеттерге және Қазақстан экономикасы үшін арнайы қолданысқа ұсынылған.

### *7.3 Жаңа ма?*

- Ия, жаңа. Әдістеменің қолданысқа тусуі Қазақстан экономикасы үшін жаңа болмақ.

### *7.4 Қолдану деңгейі: Кең.*

7.5 Ізденуші ұсынған әдістемені көршілес орта Азия мемлекеттеріне

және ТМД елдері және ЕО елдер аясында ұсынуға болады.

*7.6 Мақалада дәлелденген бе?*

— Ия, дәлелденген.

1) Анализ и оценка экономических моделей использования и развития цифрового пространства на примере Евразийского Экономического Союза (Сансызбаева Г.Н.) //The Journal of Economic Research & Business Administration. №3 (129). 2019;

2) Экономическая эффективность цифровизации в Казахстане: прогнозы и ожидания// Modern scientific challenges and trends//Warsaw, Poland Wydawnictwo Naukowe "iScience" 20th October 2019г. – С.27-32

**3 - Қорғауга шығарылған тұжырымдама:** Цифрлық трансформация әсерінен ЖІӨ-нің халықтың жан басына шаққандағы әлеуметтік-экономикалық әлеуеті, 2026 жылға дейінгі даму болжамы.

*7.1 Қазидат дәлелденді ме?*

- Ия, дәлелденді. Қазақстан цифрлық экономика индикаторларын регрессиялық талдау және болжамдық мәндерін бағалау мақсатында 7X айнымалылар IBM SPSS Statistics бағдарламасымен есептеліп, үлгінің сенімділік деңгейі анықталды.

*7.2 Тривиалды ма?*

- Жоқ, тривиалды емес. Зерттеу нәтижелерінде экономиканы цифрландырудың әсерін ескере отырып халықтың жан басына шаққандағы ЖІӨ өсуіне ғылыми-технологиялық даму көрсеткіштерін, АКТ даму көрсеткіштерінің орта мерзімді болжамын анықтау үшін үлгі қалыптастырылды;

*7.3 Жаңа ма?*

- Ия, жаңа. Жан басына шаққандағы ЖІӨ өзгерістерінің болжамы 2026 жылға дейін пессимистік, оптимистік, шынайы деңгейлерін анықтау мүмкін болды.

**7.4 Қолдану деңгейі: Кең.** Анықталған болжамдық мәндерді, ЕАЭО елдерінде цифрлық қызметтердің халықаралық саудасы динамикасы, АКТ тауарларының санаттары бойынша екі жақты сауда ағындары, жалпы сауда көлеміндегі АКТ тауарларының үлесін талдауда, Қазақстанның экономикалық позициясын анықтауда қолдана алады.

*Мақалада дәлелденген бе?*

- Ия, дәлелденген.

1) Digital economy within the Eurasian Economic Union: current state and development prospects//Kalybekova D., Sansyzbayeva G., Koishybaeva M., Ospanbek T., Kulmaganbetova A., Regional Science Inquiry, Vol. XIII, (1), 2021, pp. 31-48

**4 - Қорғауга шығарылған тұжырымдама:** Дамыған озық мемлекеттер тәжірибесі негізінде жасалған талдаулармен Қазақстан экономикасына қолайлы ұлттық үлгіні құрудың еліктеу гибрид құрылымы ұсынылды;

*7.1 Қазидат дәлелденді ме?*

- Ия, дәлелденді. Экономиканы цифрландыру жаһандану және цифрлық

технологияларды дамыту жағдайында объективті үрдіс болып табылатынын байқауға болады, сондықтан цифрлық технологияларды дамытудан артта қалған елдер тәуекелге ұшырайтынын, әлемдік өркениеттен артта қалу қаупін ескеру қажет;

### *7.2 Тривиалды ма?*

- Жоқ, тривиалды емес. Қазақстан үшін қолайлы еліктеу үлгісіндегі алдыңғы қатарлы цифрлық өркениетті елдер тәжірибесіне сай, инфрақұрылымды дамыту – Сингапурлық үлгіден бастама алатыны басым көрсетілген.

### *7.3 Жаңа ма?*

- Ия, өзбетінше жаңа. Экономикалық құндылығы жағынан цифрлық экономика тұстастай алғанда ел экономикасын нығайтып, халықты жұмыспен қамтуға, жұмыс орындарын ашуға, экспортты дамытуға ықпал ететінін растайтын көптеген зерттеулер жүргізілді.

*7.4 Қолдану деңгейі:* Кең. Қазақстан экономикасын цифрлық трансформациялау үдерісінде алдыңғы қатарлы елдер тәжірибесіне еліктеу гибридті үлгісін қолдану мемлекеттік маңызы бар бағдарламаларды қабылдау және орындау барысында ескеруге болады.

### *7.5 Мақалада дәлелденген бе?*

- Ішінара, дәлелденген.

1) World experience of implementation and application of digital economy // NEWS OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES ISSN Volume 3, Number 325 (2019), 132 – 141.

5 - Қорғауға шығарылған тұрыымдама: Қазақстан экономикасын цифрлық трансформациялаудың экономикалық тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар мен бағыттар.

### *7.1 Қазидат дәлелденді ме?*

Ия, дәлелденді. Қазақстан экономикасын цифрлық трансформациялау жағдайында еңбек нарығында жұмыс орындарының қысқаруы қауіпі анықталып, цифрлық автоматтандыру алдағы онжылдықта еңбек нарығына айтарлықтай әсер етіп, қайталама біліктілікті қажет ететін жұмыс орындарының санының қысқаруына және жалақы деңгейінің айырмашылығының артуына әкелетінін автор тұжырымдайды.

### *7.2 Тривиалды ма?*

- Жоқ, тривиалды емес. Жасалған ұсыныстар мен бағыттар Қазақстандықтық мамандар бойынша болашақтың танымал бірнеше кәсіптері тізімін анықтауға мүмкіндік берді.

### *7.3 Жаңа ма?*

— Ия, жаңа. Цифрлық технологияларды жаппай енгізу дің оң нәтижелері мен қоса экономикалық дамуға әсер етуші қауіптер анықталды. Жалпы цифрландыру және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу табиғи және занды үрдіс екенін, сондықтан, оның орындалуы сөзсіз екендігін нақтылады.

*Қолдану деңгейі:* Кең. Зерттеу нәтижелерін макро, микро деңгейлерде

цифрлық экономиканы дамыту бағдарламалары мен стратегияларын, тұрақты әлеуметтік-экономикалық даму тұжырымдамасын жасау үшін қолдануға болады.

### 7.3 Мақалада дәлелденген бе?

- Ия, дәлелденген.

1) Цифрлық экономика талаптарына бағытталған ақпараттық және коммуникациялық технологиялар бойынша мамандар даярлау қажеттілігін қолдау// Сағадиев оқулары-2020 "Новые подходы к развитию экономики Казахстана на современном этапе: особенности и перспективы" халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция Алматы: 2020. -Б.207-216.

## 8. Дәйектілік принципі. Дереккөдер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі

8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: ия;

Автор диссертацияны орындау барысында қолданған әдіснамасы жеткілікті негізделген. Ізденуші Қазақстанда цифрлы технологииларды тиімді пайдалану арқылы дамыту жолдарын зерттеу үшін халықаралық ұйымдар ұсынған әдістемелерін жан-жақты қарастырған, алдыңғы қатарлы озық шет мемлекеттер тәжірибесін талдау арқылы отандық жағдайға баға берген.

8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеудердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу мен интерпретациялау әдістерін пайдалана отырып алынған: ия;

Келесі бағдарламалар мен қосымшалар:: МС Excell, GREL-2020 бағдарламалық пакет және IBM SPSS Statistics бағдарламасы, SWOT талдау.

8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған: ия;

1) Мемлекеттік маңызы бар стратегиялық жоспар құру барысында ескеру мақсатында Алматы облысы, Қарасай аудандық Мемлекеттік Кірістер Басқармасының зерттеу жұмысының ұсыныстары мен бағыттарын енгізу туралы актісі.

8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған: ия;

Калыбекова Д.Б. диссертациялық жұмысының сенімділігі және дәлелі ретінде кең ауқымды ғылыми еңбектермен, сондай-ақ мемлекеттік маңызы бар бағдарламалармен, ұлттық жобаларды пайдалануымен расталады.

8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуга жеткілікті: ия;

Калыбекова Д.Б. диссертациялық жұмысын орындау барысында 144 дереккөз пайдаланған, барлығына сілтеме көздері бар. Оның ішінде шетелдік авторлардың еңбектері кеңінен қарастырылған. Цифрлық экономика, ЕАЭО қызметі, экономикалық тиімділік бағыттың көптеген авторлар еңбектері, монографиялар, ғылыми мақалалар қатары молынан қолданылған. Ғаламтор сілтемелері ресми ақпарат көздеріне негізделген. Барлық сілтемелер талапқа сай дұрыс рәсімделген.

## **9. Практикалық құндылық принципі**

### *9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: ия.*

Диссертациялық жұмыстың теориялық маңызы Қазақстанда цифрлық бәсекеге қабілеттілікті арттыру үшін жағдайлар жасалатын ұқсас зерттеулер жүргізудің әдіснамалық негізі болуы мүмкін. Сонымен қатар, диссертациялық жұмыстың теоретико-әдістемелік әзірлемелері экономика мамандықтары үшін «Цифрлық экономика», «Экономикадағы үлкен деректер», сияқты пәндерге оқы-әдістемелік материалдар сипатында қолданылуы мүмкін.

### *9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: ия;*

Калыбекова Д.Б.. диссертациялық жұмысының практикалық құндылығы бар, мемлекеттік және аймақтық органдардың цифрлық инфрақұрылымды дамытудың стратегиялық басымдықтарын анықтау кезінде алынған нәтижелерді пайдалану мүмкіндіктерімен байланысты, бұл басқалармен қатар Қазақстан экономикасына цифрлық трансформация үшін белсенділікті қамтамасыз етуші практикалық құрал болуы мүмкін.

### *9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады ма?*

- Ия, толығымен жаңа;

Диссертациялық жұмыстағы практикалық ұсыныстары жаңа деп санаймын.

## **10. Жазу және рәсімдеу сапасы**

*Академиялық жазу саласы: жоғары;*

Автордың диссертациялық жұмысы мемлекеттік тілде орындалған.

Жұмыс мәтіні және рәсімделу сапасы қойылған талаптарға сай.

«ЕАӘО жағдайында Қазақстан экономикасын цифрлық трансформациялаудың экономикалық тиімділігі» тақырыбында орындалған Калыбекова Динара Байгалиевнаның жұмысы «6D050600 – Экономика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дарежесін алу үшін аяқталған ғылыми еңбек болып табылады.

Жалпы орындалған диссертациялық жұмыстың өзектілігін, ғылыми жаңалықтары мен теориялық және практикалық құндылықтарын ескере отырып, дегенмен келесідей кемшіліктер мен ескертулерді атаған жөн:

- Қазақстан экономикасының жеке салалары бойынша цифрландыру үрдісінің жалпы жағдайын ЕАӘО мүше мемлекеттерімен салыстырмалы үлгіде қорытынды жасағанда ғылыми жұмыс құндылығы жоғарылай түсер еді.

- Жұмыс мәтінінде қолданысқа түскен халықаралық терминдердің қосынша сипаттамалары ұсынылған болса дұрыс болар еді.

Осы аталған кемшіліктерді Ізденуші болашақ зерттеулерінде ескерсе, әрі пайдаланса ғылымға қосқан үлесі арта түседі деп ойлаймын. Дегенмен де аталған кемшіліктер автордың ұсынған жұмысының жалпы сапасын еш төмендетпейді.

*Ресми рецензенттің шешімі: Жоғарыда аталған ұсыныстар мен*

берілген кеңестерге қарамастан Калыбекова Динара Байгалиевнаның «ЕАЭО жағдайында Қазақстан экономикасын цифрлық трансформациялаудың экономикалық тиімділігі» тақырыбында даярлаған диссертациясы ҚР БФМ Білім және Ғылым саласындағы сапаны камтамасыз ету бойынша Комитеттің философия докторы (PhD) дәрежесін алуға диссертацияларға қойылатын талаптарына сайкес келеді, сондыктан Комитет алдында философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру үшін Комитетке ұсыныс жасауға лайықты деп санаймын.

**Ресми рецензент:**

Ғұмарбек Дәукеев атындағы  
Алматы энергетика және байланыс  
университетінің профессоры,  
«Инженериядағы менеджмент және кәсіпкерлік»  
кафедрасының менгерушісі,  
экономика ғылымдарының докторы

**Л.М. Байтенова**



**Колтаңбаны растаймын  
Подпись заверяю**

*без стиз. Чашабекова К.А.*  
кызыметі аты-жөні  
*«20» айрылғы 2013 ж.*